Бекітемін
№29 «Ай-Керім» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
А.Н.Хожанурапова

# Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

## *Тақырыбы:«Алтын күз!»*



**«Ботақан» кіші тобы**

Тәрбиеші: Орынбаева Г.

**Шымкент 2021 ж.**

Ашық ұйымдастырылған оқу – қызметінің технологиялық картасы

**Тобы:** «Ботакан» кіші тобы
**Білім аумағы:** Қатынас, Таным, Шығармашылық
**Білім бөлімі:** Сөйлеуді дамыту, Сенсорика, Құрастыру, Сурет салу
**Өтілетін күні:** 25.11.2021ж
**Тақырыбы:** «Алтын күз»
**Мақсаты:** Балаларды күз мезгілін өзіне және ерекшеліктері туралы түсінік беру. Көркемдік талғамын, ой – қиялын дамыту.
**Міндеті:** Суретті дәстүрлі емес әдіспен сала білуге шеберліктерін шыңдау. Күз мезгілі жайлы білімін қалыптастыру. Табиғатты алай сүйе білуге тәрбиелеу.
**Көрнекіліктер:** Күз мезгілі бар суреттер

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі | Алақай, алақай<br>Шаттанды балақай<br>Күз келді, дән пісті<br>Айтамыз алғысты<br>Күздің қазан айында<br>Алма, алмұрт піседі<br>Жапырақтар түседі<br>Сыбдыр – сыбдыр етеді | Балалар бірлесе айтады |
| Ұйымдастырушы – ізденушілік | Балаларға жұмбақ айтым келіп тұр, қане кім табады екен?<br>Жиып – теріп болатын<br>Қамбаға астық толатын<br>Қызыл – қырман ойнайтын<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>(Күз мезгілі)<br><br>Балалар (видио) бейнероликке назар аудару<br>Күз мезгілінің ерекшеліктерің тәрбиеші айтып түсіндіру. (желдің дауысы естіліп тұрады)<br>Күз ханшайымының келуі<br>Күз ханшайыммен амандасуы<br>-Сәлеметсіңдер ме, балалар! Көңіл – күйлерің қалай, жақсы ма?! Мен жолда келе жатқанымда екі шөжені көріп | Балалар жұмбақты бірлесе табады.<br><br>Бейнероликке назар аударып, тәрбиеші түсіндірме жұмыстарын жүргізеді<br><br>Күз ханшайымымен амандасады |

| | | |
|---|---|---|
| | едім, соларды таппай қалдым.<br><br>Тәрбиеші: Аа, жаңа желдің даусы жаңбыр жауғандай сіркіреген дыбыс естілген кезде жолдан жаңылысып қалдыңыздар ма, бір – біріңізді таппай?<br>Күз ханшайымы: Иә, иә сол кезде, мен жеміс – жидектерді, көкөністерді, дәнді – дақылдарды алып келіп едім. | |
| | Тәрбиеші: Балалар, біз күз ханшайымына көмектесеміз бе? | Иә көмектесеміз |
| | Кәне, жолға шығайық, көшеге шығып, су – шалшықтарды баспай, аттап өтіп, тастан – тасқа секіріп, абайлап жүреміз. Көпірден өтеміз. (шөжелердің шиқылдаған даусы естіледі)<br>-Ой, екі шөжені таптық, көпірдің астына тығылып қапты. Ал, енді балалар шөжелер неге шиқылдап кетті? Олардың қарындары ашқан шығар?<br>Күз ханшайымы біздің шөжелерге арналған дәнді – дақылдарың бар ма? Балалар біз оралып топтағы дәнді – дақылдарды берейік, жарай ма?! Ал, жолға шығайық! | Балалар бірінің артынан бірі жүріп, аттап –аттап жүреді,көпірден өтеміз ,асықпай бірінен соң бірі өтеді (сол кезде шөжелердің дауы шығады)<br>Балалар қуанып кетеді<br>Алақай ,алақай таптық! |
| | Көпірден өтіп, судан өтіп, жолда абайлап жүрейік.<br>Балалар шөжелердің қарны қатты ашып қалыпты, кәне біз дән берейік<br>Балалар ,шөжелерге не береміз ?.<br>(саусақ маторикасын дамытатын ойын) | Шөжелерді тапқан кейін қайта топқа ,келген жолмен қайтады<br><br>Шөжелер жүгері жейді<br>(саусақ маторикасын дамытатын ойын) |
| | Күз ханшайымы: Ойын ойнаймызба, балалар, менің екі себетімде дәнді – дақылдар мен жеміс – жидектер бар, соны маған ажыратып беріңдерші.<br><br>Дидактикалық ойын: «Дәндер мен жемістер ажырат» | Күз ханшайыммен бірге ойынды қызыға ойнайды |
| | (шөжелердің шиқылдаған даусы)<br>Тәрбиеші: Балалар, шөжелеріміз шиқылдап жатыр, шөжелермен бірге сергіту жаттығуын жасайық. | Балалар шөжелермен бірге «шөжелер биін» |

| | | |
|---|---|---|
| | Сергіту сәті<br>Шөжелер биі<br><br>Тәрбиеші: Балалар біз енді күз ханшайымын сыйлық жасайық. Күз ханшайымында алтын жапырақтар және де саңырауқұлақтар жоқ екен, соны шығармашылық алаңында жасап берейік.<br>(Балалардың шығармашылық алаңына орналасуы)<br><br>1 – ші қатар: Табиғи заттар мен саңырауқұлақ мүсіндейді<br>2 – ші қатар: табиғи жапырақ жапсырады.<br>3 – ші қатар: Күн бейнесін бейнелейді.<br><br>Тәрбиеші: Күн бейнесін бейнелеген себебіміз, әрқашан күніміз жарқырап жүрсін дегеніміз.<br>Күз ханшайымы: Мен енді қайтайын балалар, шөжелерді анасына тапсырайын. Сендердің сыйлықтарыңа рахмет! Сау болыңдар, балалар! | қуана ойнайды<br><br>Балаларды шығармашылық алаңға жайғастырып , Қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып ,түсіндірме жұмысын жүргізіп ,балаларға көмек беру.<br><br>Күз ханшайымы балаларға ризалығын білдіріп,қуанады! Балалармен қоштасады |
| Рефлексивтік – түзетушілік | Қорытынды:<br>-Балалар кім келді және не келді?<br><br>-Біз шөжелерге не бердік?<br>-Қандай ойын ойнадық?<br><br>-Біз күз ханшайымына қандай сыйлық жасадық?<br>-Балалар сендерге оқу қызметі ұнады ма?<br>Келген қонақтармен қоштасу | -күз ханшайымы және шөжелер<br>-шөжеге дән бердік<br>-дәнді – дақылдар мен жемістер және көкөністер<br>-жапырақ пен саңырауқұлақ, күн суретін салдық<br>-иә, ұнады<br>-сау болыңыздар! |

**Күтілетін нәтиже:**

**Білуі қажет:** Күз ерекшеліктерін білді

**Қалыптасқан түсініктер:** Саяхатқа шыққанда тапсырмалар мұқият орындап, күз туралы түсініктер қалыптасты

**Өрындаушылық қабілеті:** Көкөністер мен дәндерді ажыратып, ойын ойнады, табиғи заттармен шығармашылық қабілеттері артты.




